« АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СӘУЛЕТ - ҚҰРЫЛЫС БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ » МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ « УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИТЕКТУРНО - СТРОИТЕЛЬНОГО КОНТРОЛЯ ГОРОДА АСТАНЫ »

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

15.01.2026ж. | № 8Н/ЦУ

Астана қаласы | город Астана

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

16-бап 3-тармақ 28-тармақша *(егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу);*

16-бап 3-тармақ 38-тармақша *(Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актіде айқындалған тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды жалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, жалға алынатын тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды техникалық күтіп ұстау, күзету және оған қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, егер тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген тұрғын емес үй-жайлар орналасқан ғимараттағы тұрғын емес үй-жайларды пайдаланатын басқа тұлғаға немесе тұлғаларға осындай қызметтер көрсетілетін болса, тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген тұрғын емес бір немесе бірнеше үй-жайды техникалық күтіп ұстау (оның ішінде аса маңызды мемлекеттік объектілерге жататын ғимараттарда орналасқан мемлекеттік органдардың), күзету және оларға қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу);*

сатып алуына сәйкес:

1. «1С Бухгалтерия ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтер», «Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі» 1-қосымшаға сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. «Астана қаласының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің әкімшілік-құқықтық бөлімі мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы **Г.Тажиев**

0000288